

**Есеп**  
**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар туралы**  
**2025 жылдың 1-тоқсанына арналған**

2025 жылдың 1-тоқсаны ішінде комплаенс-офицермен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын Кәсіпорын мен оның қызметкерлері тарапынан сақтауын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді. 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша комплаенс-офицердің жұмыс жоспарында көзделген іс-шаралар орындалды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізілді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша Іс-шаралар жоспары бекітілді.

**Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу**

2025 жылдың 1-тоқсанында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын жою бойынша бекітілген Іс-шаралар жоспарын орындау аясында комплаенс-офицермен 2025 жылғы 24 ақпандағы №111-Ө Директор бұйрығымен «Сыйлықтар беру, шақырулар жасау және іскерлік қонақжайлық белгілері туралы Ереже» (бұдан әрі – Ереже) әзірленіп, бекітілді.

Бұл Ереже сыйлықтар беру мен шақырулар алу процесін реттейді, Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыйлықтар мен шақыруларды беру, алу және іскерлік қонақжайлық көрсету жағдайларындағы негізгі қағидалар мен талаптарды айқындайды.

Ереже қызметкерлердің сыйлықтар мен шақыруларды беру/алу әрекеттерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қызметтік міндеттерді орындау кезінде Кәсіпорын атынан немесе тапсырмасы бойынша сыйлықтар мен шақыруларды беру/алу тәртібін белгілеу, сондай-ақ мүдделер қақтығысының туындау ықтималдығын азайту мақсатында әзірленді.

Кәсіпорынның басшылығы және құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері Ережемен таныстырылды, танысу парағына тиісті қолдар қойылды.

Ереже Кәсіпорынның ресми сайтындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» бөлімінде орналастырылды.

**Сыбайлас жемқорлық, комплаенс және этика мәселелері бойынша «жедел желі», пациенттердің өтініштері, шағымдар мен алғыстар**

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық, іскерлік этика нормаларын сақтамау және басқа да заңсыз әрекеттер туралы ақпаратты комплаенс-офицерге телефон қоңырауы немесе WhatsApp арқылы мәтіндік хабарлама арқылы жеткізуге арналған +7 707 500 0090 нөмірлі «жедел желі» жұмыс істейді.

2024 жылғы желтоқсаннан 2025 жылғы наурызға дейінгі кезеңде Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты «жедел желіге» шағымдар немесе өтініштер келіп түскен жоқ.

Алайда, аталған мерзім ішінде «жедел желі» арқылы 4 (төрт) өтініш (қоңырау, WhatsApp хабарламасы) келіп түсті:

1. 23.12.2025 ж. өтініш – ата-анасы: Шорманова Жібек Темірғалиқызы, пациент – Шаяхмет Димаш, Педиатрия бөлімшесі. Қиындықтар мен жеткіліксіз көмекті, сондай-ақ балаға арналған заттар салынған пакетті тапсыру және алу мәселелерін айтып, +77775157842 нөмірінен «жедел желіге» хабарласқан. Комплаенс-офицер кәсіпорын басшылығын және жауапты қызметкерлерді жедел түрде хабардар етті. Өтініш қысқа мерзімде қарастырылып, науқастың мәселесі шешілді.

2. 26.12.2025 ж. өтініш – ата-анасы: Саттинов Қайрат Қанаевич, пациент – Қанай Фатима Қайратқызы. Баланың қабылдау бөлімінде ауруханаға жатқызылуына бас тарту мәселесі бойынша +77763627742 нөмірінен хабарлама түсті. Шұғыл түрде комплаенс-офицермен кәсіпорын басшылығы хабардар етіліп, оқиға тексерілді. Жедел жәрдем қызметкерлері деректер базасына сәйкес науқасты Есіл ауданына жатқызған. Заң талаптары мен операциялық сәттерді ескере отырып, ата-ана мен бала Астана қаласының №3 көпсалалы балалар ауруханасына жіберілді.

3. Шонтасова Гүлім (пациент – Шонтасова Ясмин), Ерте жастағы патология бөлімшесі. +77478065013 нөмірінен кешкі уақытта бөлімше қызметкерлерінің болмауы, мейірбикенің тәжірибесіздігі, маскалардың болмауы, іскерлік этика нормаларын сақтамау, тамақ мөлшерінің жеткіліксіздігі мәселелері бойынша шағым келіп түсті. Комплаенс-офицер мәселені жедел түрде қарады, тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді, қызметкерлермен әдептілік, науқастарға жедел медициналық көмек көрсету және дәрекі сөйлеудің алдын алу мәселелері талқыланды.

4. Нұрлыбекова Токжан (пациент – Серік Бектөре), Пульмонология бөлімшесі. +77762455888 нөмірінен төсек жаймасын уақытылы ауыстырмау, медициналық персоналдың дәрекі және агрессивті әрекеттері бойынша шағым келіп түсті. Комплаенс-офицермен тиісті шаралар қабылданып, жауапты қызметкермен іскерлік этиканы сақтау туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді.

**2024 жылдың желтоқсанынан 2025 жылдың ақпанына дейінгі кезеңдегі шағымдар мен алғыстар («жедел желіге» келіп түскен өтініштерден бөлек):**

| Ай             | Шағымдар саны | Алғыстар саны |
|----------------|---------------|---------------|
| Желтоқсан      | 61            | 146           |
| Қаңтар         | 13            | 96            |
| Ақпан          | 25            | 140           |
| <b>Барлығы</b> | <b>99</b>     | <b>382</b>    |

#### **Комплаенс-офицердің есептілігі және уәкілетті органмен өзара іс-қимыл**

Комплаенс-офицер 2024 жылдың 4-тоқсаны және жалпы 2024 жыл бойынша өзінің қызметі жөнінде есеп дайындап, Астана қаласы әкімінің Аппараты жанындағы Жобалық офис сұрауы бойынша жолдады.

Сонымен қатар комплаенс-офицермен ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша анықталған себептер мен жағдайларды жою бойынша бекітілген Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпарат, өткізілген іс-шаралардың қорытындылары бойынша берілген ұсыныстардың орындалуына мониторинг материалдары жолданды.

Комплаенс-офицер есепті ұсынып, Астана қаласы әкімінің Аппараты жанындағы Жобалық офиспен жұмыс тәртібінде келесі мәселелерді талқылап, қарастырды: сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс, мүдделер қақтығысын жою бойынша жағдайлар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту шаралары, 2024 жылдың 4-тоқсаны мен жалпы жыл қорытындысы, 2025 жылдың 1-тоқсаны бойынша комплаенс қызметінің нәтижелері, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты жағдайлар бойынша ақпарат пен анықтамалар берілді.

Есепті кезең ішінде Астана қаласы әкімінің Аппараты жанындағы Жобалық офиске Кәсіпорынның негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мемлекеттік сатып алу, даму жоспары және комплаенс мәселелеріне қатысты құжаттар ұсынылды.

2025 жылғы 27 ақпанда комплаенс-офицер Жобалық офис ұйымдастырған жиынға қатысты.

2025 жылғы 15 наурызда комплаенс-офицер Кәсіпорынның Директорымен бірге ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ұйымдастырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту шеңберінде Астана қаласындағы тергеу изоляторына барды. Сапар аясында комплаенс бақылау жүйесі және тұтқындармен жұмыс процестерімен танысу жүргізілді. Жиында 2025 жылға арналған комплаенс-офицердің жұмыс жоспары, жоспарланған іс-шаралар мен тексерістер, ішкі тәуекелдер мен орын алған жағдайлар, сондай-ақ комплаенске қатысты басқа да мәселелер талқыланды.

#### **Даму жоспарын қалыптастыру және орындау, шығыстардың негізділігіне талдау**

2025 жылға арналған комплаенс-офицердің жұмыс жоспарында Даму жоспарын қалыптастыру және орындау, сондай-ақ шығындардың негізділігіне талдау жүргізу қарастырылған.

Комплаенс-офицермен 2024 жылға арналған Кәсіпорынның даму жоспарының қалыптасуы мен орындалуына, 2025 жылға арналған даму жоспарының қалыптасуына талдау жүргізілді.

Осыған байланысты басшылықпен, жауапты басшылармен және құрылымдық бөлімше қызметкерлерімен даму жоспарын қалыптастыру барысындағы өзара іс-қимыл мен жауапкершілік туралы сұхбаттар өткізілді.

Даму жоспарын қалыптастыру және ішкі бақылау тетіктері іс жүзінде жұмыс істейді.

Алайда Кәсіпорында мынадай ішкі процестер формализацияланбаған (бекітілмеген): даму жоспарын қалыптастырудың ішкі тәртібі мен рәсімдері, құрылымдық бөлімшелердің жауапкершілігі (тәртібі, келісу, қол қою, мерзімдері, қажеттілік, толықтық және шынайылық, негізділік, бастамашылар және т.б.).

#### **Ұсыныс:**

Даму жоспарын қалыптастыру процесін, рәсімдерін және құрылымдық бөлімшелердің жауапкершілігін регламенттейтін ішкі нормативтік құжатты бекіту: тәртібі, келісу, қол қою, мерзімдері, қажеттілігі, толықтығы және шынайылығы, негізділігі, бастамашылары және т.б.

#### **Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау бойынша қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу**

2025 жылдың 1-тоқсанында комплаенс-офицер Бухгалтерлік және салықтық есеп бөлімі, Экономикалық талдау және жоспарлау бөлімі қызметкерлері арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мысалдары мен мәселелері» тақырыбында түсіндіру және оқыту жұмыстарын жүргізді (2025 жылғы 14 ақпандағы оқыту қорытындысы бойынша хаттама негізінде).

Комплаенс-офицер келесі мәселелер бойынша түсініктеме берді:

- сыбайлас жемқорлық ұғымы;
- Қазақстан Республикасындағы жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- комплаенс қызметінің мақсаттары мен міндеттері;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- өндірістік және еңбек қызметіндегі өзекті мәселелер мен тәуекелдер.

Сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерімен келесі сұрақтар талқыланды:

- қызметтік міндеттерді орындау кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдері;
- даму жоспарын қалыптастыру;
- шығыстарды жоспарлау және тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің құнын негіздеу;
- шарттарды орындау;
- техникалық сипаттамаларды әзірлеу;
- мемлекеттік сатып алу процестері;

- коммерциялық ұсыныстарды дайындау;
- құжаттарға қол қоюдағы басшылардың жауапкершілігі.

Комплаенс-офицер мысалдар келтіріп, келесі факторларға назар аударды:

- сыбайлас жемқорлықтың себептері;
- әкімшілік кедергілер;
- дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар;
- процестердің жабықтығы мен ашық еместігі;
- сыйлық беру мысалдары;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және жою мақсатында бақылау мен жауапкершілікті күшейтудің қажеттілігі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік принципін түсіну, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы хабарлау рәсімдері туралы ақпарат берілді.

### **Қызметкерлерге комплаенс, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен құқық бұзушылықтар мәселелері бойынша консультациялар беру, өтініштерді қарау**

Есепті кезеңде Кәсіпорын қызметкерлеріне келесі мәселелер бойынша консультациялар берілді:

1. Персоналды басқару, бос орындарға үміткерлерді іздеу және іріктеу процесінің ашықтығын арттыру;
2. Қызметкерлерді конкурс негізінде қабылдау процесі;
3. Бос лауазымдарға ішкі және сыртқы конкурстар өткізу;
4. Конкурс комиссиясын құру, оның құрамы және ашықтықты қамтамасыз ету;
5. Жұмысқа қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту;
6. Персоналды басқару және кадрлық әкімшілендірудің ҚР еңбек заңнамасына сәйкестігі;
7. Негізгі құралдарды, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қабылдау процесі.

Сондай-ақ кейбір қызметкерлер тарапынан Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ауызша өтініштер қаралды.

Қарау нәтижелері бойынша түсініктемелер мен ұсыныстар берілді, жұмыс тәртібінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау мысалдары талқыланды.

### **Персоналды басқару**

1. Персоналды басқару саясатына енгізілген өзгерістерді іске асыру шеңберінде (персоналды іріктеу бойынша конкурс комиссиясын құру, бос лауазымдарға кандидаттарды конкурс комиссиясы отырысында қарау, үміткерлерді бағалау балдық жүйесі, құрылымдық бөлімшелер арасында немесе бір бөлімше ішінде «мансаптық өсу» бойынша ауыстыру және жоғарылату) 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №186-Ө Директор бұйрығымен тұрақты әрекет ететін конкурс комиссиясы келесі құрамда бекітілді:

#### **Конкурс комиссиясының төрағасы:**

Медициналық қызметтердің сапасын бақылау және стратегиялық жоспарлау жөніндегі директордың орынбасары – Жамукова Сайран Тлеубаевна;

#### **Комиссия мүшелері:**

1. Экономикалық қамтамасыз ету және қаржы жөніндегі директордың орынбасары – Имашева Айнагүл Қапашқызы;
2. Бас бухгалтер – Мукашева Ғалия Қарашқызы;
3. Заңгер – Гракович Светлана Ивановна;

4. Мемлекеттік сатып алулар және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы – Панченко Людмила Николаевна;
5. Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы м.а. – Қоғабаева Жаныл Қаратаевна;
6. Кәсіподақ өкілі – Жапарова Махаббат Борисовна;

**Комиссия хатшысы:**

Адам ресурстарын басқару бөлімінің маманы – Әлиева Жазира Бахытханқызы.

Кәсіпорында есепті кезеңде ішкі және сыртқы конкурстар жарияланып, комиссия отырыстарында кандидаттар қаралды, келесі бос лауазымдар бойынша конкурстық рәсімдер өткізілді: Экономикалық талдау және жоспарлау бөлімінің басшысы, Бухгалтерлік және салықтық есеп бөлімінің мамандары, Ішкі аудит қызметінің аудиторы.

2025 жылдың 1-тоқсанында бос лауазымдарға 17 (он жеті) адам жұмысқа қабылданды.

Жұмысқа қабылданған қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары немесе қылмыстық істерге тартылған тұлғалар анықталған жоқ. Қызметке қабылданған тұлғалар 2025 жылдың 1-тоқсанында соттылықтың болуы/болмауы туралы анықтамалар, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны жөніндегі мәліметтер, жеке табыс және мүлік туралы декларация (270-нысан) ұсынды. Адам ресурстарын басқару бөлімі растаушы құжаттарды жинақтады.

2025 жылдың 1-тоқсанында персоналды басқару мәселелері бойынша заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

**Мүдделер қақтығысы**

2025 жылдың 1-тоқсаны ішінде Кәсіпорынның мүдделеріне қайшы келетін немесе мүдделер қақтығысы жағдайлары анықталған жоқ.

Қызметкерлер тарапынан мүдделер қақтығысын реттеу бойынша өтініштер түскен жоқ.

Кәсіпорын қызметінде және жұмыс процестерінде мүдделер қақтығысы тіркелмеген. Жұмысқа орналасу мәселелерінде де мүдделер қақтығысы байқалмады.

**Комплаенс мәселелері бойынша ақпарат**

Есепті кезеңде Кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері, сондай-ақ анонимді хабарламалар мен өтініштер тіркелген жоқ.

Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама шеңберінде әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар орын алған жоқ.

Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы оқыту материалдарын, комплаенс бойынша презентацияларды және Астана қаласы әкімінің Аппараты жанындағы Жобалық офис ұсынған ақпараттарды зерттеді.

**Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұсыныстардың орындалуын бақылау және мониторинг**

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындылары бойынша аналитикалық анықтама әзірленіп, құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілді.

Комплаенс-офицер ұсынымдардың орындалуын, Жоспардың орындалуын және растаушы құжаттардың сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

2025 жылғы 15 наурыздағы жағдай бойынша: 4 ұсыным орындалды, 1 ұсынымның мерзімі әлі келмеген.

**Орындалған ұсынымдар:**

1. Персоналды басқару саясатына конкурс комиссиясының қызметін, кандидаттарды ұжымдық қарау тәртібін, құрылымдық бөлімшелер арасында кадрларды ауыстыру және мансаптық өсуді енгізу. (04.12.2024 ж.)

2. Конкурс комиссиясын құру және балдық бағалау жүйесімен бос орындарға конкурс өткізу тәртібін бекіту. (31.12.2024 ж.)

3. Сыйлықтар беру, шақырулар және іскерлік қонақжайлық туралы ішкі нормативтік құжатты бекіту. (24.02.2025 ж.)

4. Мемлекеттік сатып алулар бойынша құрылымдық бөлімшелерге оқыту жүргізу. (19.03.2025 ж.)

5. Сатып алу шарттарында міндетті «сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту» бөлігін енгізу. (13.03.2025 ж.)

**Комплаенс-офицер**

**А. Маханбетов**